



"Екінші деңгейдегі банктерге ықпал етудің шектелген шараларын қолдану тәртібі туралы" Ереже жөнінде

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1997 жылғы 24 сәуірдегі N 119 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 23 қыркүйек тіркелді. Тіркеу N 327. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 13 шілдедегі N 279 қаулысымен. ~V011623

Қазақстан Республикасында екінші деңгейдегі банктердің қызметінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы Қаулы етеді:

1. "Екінші деңгейдегі банктерге ықпал етудің шектелген шараларын қолдану тәртібі туралы" Ереже бекітілсін және ол 1997 жылдың 1 мамырынан бастап күшіне енгізілсін.
2. Банктік қадағалау департаменті (Абдуллина Н.Қ.) осы Қаулы мен жоғарыда аталған Ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық басқармасына (Алматы аумақтық Бас басқармасына) және екінші деңгейдегі банктерге хабарласын.
3. Осы Қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Ғ. Сәйденовке жүктелсін.

Ұлттық Банк Төрағасы

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының
1997 жылғы 24 сәуірдегі
N 119 Қаулысымен
Бекітілген

Екінші деңгейдегі банктерге ықпал етудің
шектелген шараларын қолдану тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Z952444_ Заң күші бар Жарлығына (бұдан әрі - Жарлық) және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалады.

Ереже қолданылып жүрген банк заңдарында көзделгендей, екінші деңгейдегі банктерге ықпал етудің шектелген шараларын қолдану тәртібін белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) пруденциалдық нормативтерді және басқа да сақталуға тиісті нормалар мен лимиттерді, сондай-ақ қолданылып жүрген заң талаптарын бұзушылық, оған қоса банк қызметкері тарапынан банктің қаржылық тұрақтылығына не депозиторлардың, клиенттердің және корреспонденттердің мүддесіне зиянын тигізетін заңсыз іс-әрекет (әрекетсіздік) бар деп тапқан жағдайда банкке мынадай ықпал етудің шектелген шараларының бірін қолдануға құқылы:

- а) міндеттеме-хатты талап ету;
- б) банкпен жазбаша шарт жасасу;
- в) ескерту жасау;
- г) орындалуға міндетті жазбаша нұсқау беру;

Ұлттық Банк жоғарыда аталған ықпал ету шараларының бірін немесе бірнешеуін, оның ішінде тәртіп бұзушылықтың(тардың) сипатына қарай олардың әрқайсысына бір мезгілде не әр түрлі негізде қолдануға құқылы.

3. Ықпал етудің шектелген шараларын қабылдаумен қатар банкке қолданылып жүрген банк заңдарында көзделген санкциялар да қолданылуы мүмкін.

4. Банкке ықпал етудің шектелген шараларының бірін қолдану оған арналған бұрынғы қабылданған шаралардың іс-әрекетін тоқтатпайды және қысқартпайды.

5. Осы Ережеде көзделген ықпал етудің шектелген шаралары Ұлттық Банктің мынадай мәселелер бойынша:

- банкті қаржылық жағынан қалпына келтіру, басшылықты ауыстыру немесе банкті қайта ұйымдастыру қажеттігі туралы;
- депозиттер қабылдауды шектеу туралы;
- жарғылық қорды ұлғайту туралы;
- дивидендтер төлеуді және провизияларды ұлғайтуды тоқтату туралы;
- жекелеген филиалдар мен өкілдіктерді жабу арқылы, сондай-ақ қосымша

қызметкерлер жалдауды тоқтату немесе шектеу арқылы шығындарды азайту туралы;

- банктің кез-келген лауазымды адамын немесе қызметкерін қызметінен шеттеу туралы;

- жоғары дәрежеде тәуекелі бар банк операцияларының кейбір түрлерін тоқтату немесе шектеу туралы ұсыныс енгізуіне мүмкіндік береді.

6. Ұлттық Банк банкке байланысты ықпал етудің шектелген шараларын қолдану туралы банктің Байқаушы кеңесіне (оның Төрағасы мен мүшелеріне) хабарлауға құқылы. Осы мәселе жөніндегі Ұлттық Банктің тікелей банк басшылығына арналмаған ақпараты оның Байқаушы кеңесінің құрамына енген адамдарға почтамен жөнелту тапсырысы арқылы жіберіледі.

7. Осы мәселе бойынша банкке тиісті құжаттардың келіп түскен күні (оны қызметкерлерге қол қоюға берген күн) Ұлттық Банктің ықпал етудің шектелген шараларын қолдану туралы шешімімен көзделген шарттар мен іс-шараларды банктің орындау мерзімінің басталуы болып есептеледі.

II. Ықпал етудің шектелген шараларын қолдану жөніндегі негізгі талаптар

8. Банктің ықпал етудің шектелген шараларын қолданумен байланысты іс-шараларды ресімдеуі, орындау тәртібі және Ұлттық Банк тарапынан бақылау жасау осы Ережедегі талаптарды ескере отырып жүзеге асырылады.

9. Банкке осы Ереженің 2-тармағының "а" және "г" тармақшаларында көзделген ықпал етудің шектелген шараларын қолданған жағдайда, банк жеті күннің ішінде Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаментіне (бұдан әрі - Банктік қадағалау департаменті) міндеттеме-хаттың немесе жазбаша нұсқаудың орындалуы бойынша шараларды көрсете отырып хат беруге міндетті. Банктің хатына міндеттеме-хаттың немесе жазбаша нұсқаудың (бұдан әрі - кесте) шарттарын орындау бойынша жоспарланған іс-шаралардың кестесі мен нақтылығын дәлелдейтін қаржылық негіздемесі қоса берілуі тиіс.

Банк олар бекіткен кестені бұзған жағдайда міндеттеме-хат немесе жазбаша нұсқау орындалмаған деп есептеледі.

10. Банктік қадағалау департаменті берілген кестемен келіскен жағдайда ол жөнінде банкке он күн ішінде хабарлайды.

Ұлттық Банк кестемен келіспеген жағдайда міндеттеме-хаттың немесе жазбаша нұсқаудың орындалуы бойынша шараларды көрсете отырып беретін банктің хатының нақты мерзімі мен шарттарын белгілеуге құқылы.

11. Банк Ұлттық Банкке міндеттеме-хаттың, жазбаша келісімнің немесе жазбаша нұсқаудың орындалуы бойынша іс-шаралардың осы құжатта

көрсетілген мерзімде аяқталғаны жөнінде дер кезінде хабарлауға міндетті. Банктік қадағалау департаменті банк қабылдаған міндеттемелердің орындалуына бақылау жасайды.

12. Өзіне қолданылған ықпал етудің шектелген шараларынан туындаған шарттарды орындамаған банк Ұлттық Банк Басқармасының 1996 жылғы 12 желтоқсандағы N 292 Қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы ережеге сәйкес банктердің бірінші тобына жатқызылмайды.

13. Банк өзіне қолданылған ықпал етудің шектелген шараларынан туындаған іс-шараларды орындамаған жағдайда Ұлттық Банк оған банк операцияларының қосымша түрлерін жүргізуге лицензия беруден және/немесе филиал ашуға келісім беруден бас тартуға құқылы.

III. Ықпал етудің шектелген шараларының жекелеген түрлерін қолдану ерекшеліктері

3.1. Міндеттеме-хат

14. Банктің міндеттеме-хатында банктің өзінде бар кемшіліктерін мойындайтын және банк басшылығы жоспарланған іс-шараларды көрсете отырып, оларды екі айдан аспайтын уақытта, қатаң белгіленген мерзім ішінде жоюға дайындық фактілері мазмұндалуы тиіс.

15. Ұлттық Банк банктен міндеттеме-хатты мына жағдайларда:

а) өтімділік коэффициентін бұзғанда, оған қоса клиенттің қаржы аудару бойынша тапсырмасын орындамағанда немесе дер кезінде орындамағанда, есеп айырысу және аударым операциялары бойынша шартты міндеттемелер тиісті түрде орындалмағанда, банктің корреспонденттік шотына арналған картотекалар бере болғанда;

б) ең төменгі резерв талаптарын сақтамағанда;

в) Ұлттық Банктің жазбаша сұрауы бойынша мәліметтерді (ақпараттарды) және/немесе құжаттарды бермеуі немесе дер кезінде бермегенде;

г) банктің басшы қызметкерлері өздерінің лауазымдық қызметтерін

Ұлттық Банктің тиісті келісімінсіз белгіленген мерзімінен артық атқарғанда;

д) банктің банк заңдарында көзделгеннен басқа жағдайларда заңды тұлғалардың жарғылық қорына қатысқанда;

е) банктің шетелдік қатысуы арқылы қаржыларды ішкі активтерге орналастыру бойынша талаптарды бұзғанда;

ж) Ұлттық Банкке есептемелер мен мәліметтерді бермегенде;

з) Ұлттық Банкке біле тұра күмәнді есептемелер мен мәліметтер бергенде талап етуге құқылы.

Ұлттық Банк міндеттеме хатты өз ұйғарымы бойынша басқа жағдайда да талап етуге құқылы.

3.2. Жазбаша келісім

16. Жазбаша келісім - бұл анықталған кемшіліктерді тез арада жою қажеттігі туралы және осыған байланысты алғашқы шараларды бекіту туралы банк пен Ұлттық Банктің арасындағы келісім.

17. Жазбаша келісім Ұлттық Банк пен банк басшылығы банк қызметінде

бар заң бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою үшін едәуір уақыт қажет деген шешімге келген жағдайда жасалады.

18. Жазбаша келісім осы Ереженің 15-тармағында көзделген жағдайлардан басқа, мынадай жағдайларда жасалуы мүмкін:

а) Ұлттық Банктің тиісті рұқсатынсыз дауыс беру құқығымен жиырма бес проценттен астам банк акцияларын тікелей немесе жанама иелену, банк құрылтайшысына (акционеріне) өкімдік жүргізу және/немесе басқару;

б) банктің орталықтандырылған кредит ресурстары бойынша мерзімі өткен қарызының болуы.

Жазбаша келісім Ұлттық Банктің ұйғарымы бойынша басқа жағдайларда да жасалуы мүмкін.

19. Жазбаша келісім екі дана етіп жасалып, Ұлттық Банктің атынан Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары, ал екінші жақтан - банк Басқармасының Төрағасы мен банктің бас бухгалтері қол қояды.

3.3. Жазбаша нұсқау

20. Ұлттық Банктің жазбаша нұсқауы - бұл белгіленген уақытта

анықталған кемшіліктерді жоюға бағытталған нақты шараларды қабылдау

қажеттігі туралы нұсқау.

21. Ұлттық Банк осы Ереженің 15, 18-тармақтарында көзделгендерден басқа мынадай жағдайлар анықталғанда:

а) бір займшыға өз қаржыларының коэффициентінің жеткіліктілігі мен ең жоғары тәуекелдің, оған капиталдың теріс мөлшерінің бар екенін қосқанда, екі есеп беру күнінен кем емес уақытқа бұзылғанда;

б) белгіленген ең төменгі мөлшерге жарғылық қордың мөлшері сәйкес келмегенде;

в) банктің жарғылық қорын заңсыз қалыптастыру анықталғанда;

г) банк міндеттеме-хаттың не жазбаша нұсқаудың шарттарын орындамағанда немесе бұзғанда жазбаша нұсқау жіберуге құқылы.

22. Ұлттық Банктің ұйғарымы бойынша жазбаша нұсқау басқа жағдайларда да жіберілуі мүмкін.

3.4. Жазбаша ескерту

23. Жазбаша ескерту дегеніміз банк заңдарында көзделген санкцияларды Ұлттық Банктің банкке қолданылуы мүмкін екендігі туралы хабарлауы болып табылады.

24. Жазбаша ескерту осы Ереженің 15, 18, 21-тармақтарында көзделген негіздерден басқа мына жағдайларда:

а) жазбаша нұсқаудың шарттарын орындамағанда;

б) қолданылып жүрген заң талаптарын бұзғанда банкке жіберілуі мүмкін.

IV. Қорытынды ережелер

25. Ықпал етудің шектелген шараларын қолдану туралы Ұлттық Банктің шешіміне банк Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сотқа шағым бере алады.

Ықпал етудің шектелген шараларына байланысты сотқа шағым беру олардың орындалуын тоқтата алмайды.

26. Осы Ереже арқылы реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының нормаларына сәйкес шешілуі тиіс.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК